6.5	Поставщик обязан, после консультации с Покупателем и без ограничения прав или средств защиты Покупателя согласно Статьям 6, 13 и 26, принимать такие меры по исправлению ситуации, которые необходимы для ускорения доставки Товаров, с тем чтобы Товары были доставлены, насколько это возможно, в день Согласованной даты Доставки или максимально близко к ней, и смягчать последствия любых задержек.	Жеткізуші Сатып алушымен келісімге келгеннен кейін 6, 13 және 26-баптарға сәйкес Сатып алушының құқықтары мен қорғау құралдарын шектеместен, Тауарлардың Келісілген жеткізу күнінде немесе оған барынша жақын күндері жеткізілуін қамтамасыз ету үшін Тауарларды жеткізуді жеделдету үшін қажетті жағдайды түзету бойынша шараларды қабылдауға және кез келген кідірістердің салдарын жеңілдетуге міндетті.
6.6	Если Поставщик не может совершить поставку в пределах сроков, предусмотренных в Договоре Поставки, или в пределах сроков, измененных согласно любым Изменениям в Договор Поставки, то, кроме случаев, когда задержка вызвана собственными действиями или бездействием Покупателя, Покупатель может, по своему выбору, потребовать от Поставщика совершения действий, указанных в Статьях 6.5 и 6.9, и применить неустойку за задержку доставки в соответствии со Статьей 6.7 (в случае применимости).	Кешіктіру Сатып алушының өз іс-әрекеттерінен немесе әрекетсіздігінен туындаған жағдайларды қоспағанда, егер Жеткізуші Жеткізу шартында көзделген мерзімдер шегінде немесеЖеткізу шартына енгізілген кез келген өзгерістерге сәйкес өзгертілген мерзімдер шегінде жеткізуді жасай алмаса, Сатып алушы өз таңдауы бойынша Жеткізушіден 6.5 және 6.9-баптарда көрсетілген іс-әрекеттерді орындауын талап ете алады және 6.7-бапқа сәйкес (қолданылатын жағдайда) жеткізуді кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбын қолдана алады.
6.7	За нарушение сроков поставки Товара (то есть несоблюдение Согласованной даты Доставки) Покупатель вправе предъявить, а Поставщик обязуется уплатить Покупателю неустойку согласно следующим ставкам и лимитам. При этом Стороны согласны, что любые суммы, подлежащие уплате в соответствии с настоящей Статьей 6, являются справедливыми и разумными;	Тауарларды жеткізу мерзімін бұзғаны үшін (яғни Келісілген Жеткізу мерзімін сақтамағаны үшін) Сатып алушы талап етуге құқылы, ал Жеткізуші Сатып алушыға келесі мөлшерлемелер менлимиттерге сәйкес тұрақсыздық айыбын төлеуге міндеттенеді. Бұл ретте, Тараптар осы 6-бапқа сәйкес төленуі тиіс кез келген сомаларәділ әрі қолайлы болып табылатынымен келіседі;
a)	За задержку предоставления Требований к Чертежам и Данным Поставщика (VDDR), как указано в Договоре Поставки: сумму в размере 100 000,00 (сто тысяч) тенге за каждый календарный день, но не более 10 (десяти) % от Суммы Договора	Жеткізу шартында көрсетілгендей Жеткізушінің Сызбалары мен Деректеріне (VDDR) қойылатын талаптарды ұсынуды кешіктіргені үшін: әрбір күнтізбелік күн үшін 100 000.00 (бір жүз мың) теңге мөлшеріндегі соманы, бірақ Шарт Сомасының 10%-ынан аспайды;
b)	За задержку доставки Товаров (включая любую частьТоваров): сумму в размере 1 (один) % от той части Суммы Договора Поставки, которая относится к задержанным Товарам, за каждый календарный день просрочки, если положениями настоящего Договора Поставки не предусмотрено продление, но не более 10 (десяти) % от цены таких Товаров.	Тауарлар жеткізуді кешіктіргені үшін (Тауарлардың кез келген бөлігін қоса алғанда): егер осы Жеткізу шартының ережелерінде ұзарту көзделмесе, мерзімі кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін Жеткізу шарты сомасының кешіктірілген тауарларға қатысты бөлігінің 1 (бір) % мөлшеріндегі сома, бірақ мұндай Тауарлар бағасының 10 (он) %-нан аспайды.
6.8	Ответственность Поставщика за несвоевременную доставку в течение 60 (шестидесяти) календарных дней после Согласованной(ых) даты(дат) Доставки (**Дата Длительной Задержки Доставки**) ограничивается размером неустойки, указанной в Статье 6.7 b). Покупатель оставляет за собой право по собственному усмотрению отказаться от применения к Поставщику части или полной суммы неустойки за задержку доставки.	Жеткізушінің Келісілген жеткізу күнінен (күндерінен) кейін 60 (алпыс) күнтізбелік күн ішінде уақытылы жеткізбегені үшін жауапкершілігі (**Жеткізудің ұзақ кідіртілген күні**) 6.7- b)-бабында көрсетілген тұрақсыздық айыбының мөлшерімен шектеледі. Сатып алушы өз қалауы бойынша Жеткізушіге жеткізуді кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбының бір бөлігін немесе толық сомасын қолданудан бас тарту құқығын өзіне қалдырады.
6.9	После наступления Даты Длительной Задержки Доставки, Покупатель, без ограничения каких-либо иных средств правовой защиты, имеющихся у него в соответствии с Законами, вправе:	Жеткізудің ұзақ кідіртілген күні басталғаннан кейін Сатып алушызаңдарға сәйкес қолданыстағы қандай да бір құқықтық қорғау құралдарын шектемей, төмендегілерге құқылы:
a)	отказаться от приема любой последующей предлагаемой поставки Товаров;	кез келген кейіннен ұсынылатын Тауар жеткізілімін қабылдаудан бас тарта алады;
b)	незамедлительно расторгнуть Договор Поставки илиотказаться от него (отказ от договора) и потребовать возврата той части Суммы, которая была уплачена Поставщику;	Жеткізу шартын дереу бұза алады немесе одан бас тарта алады (шартты орындаудан бас тарту) және Жеткізушіге төленген соманың бір бөлігін қайтаруды талап ете алады;
c)	отказаться от недопоставленной части Товара по Договору Поставки, приобрести товары из альтернативного источника (включая Компании Покупателя) и взыскать с Поставщика стоимость таких товаров, приобретенных у поставщика – третьей стороны; или	Жеткізу шарты бойынша Тауардың жеткізілмеген бөлігінен бас тартуға, тауарларды баламалы көзден (Сатып алушының Компаниясын қоса алғанда) сатып алуға және жеткізуші – үшінші тараптан сатып алынған осындай тауарлардың құнын Жеткізушіден өндіріп алуға; немесе
d)	потребовать от Поставщика использования другого вида доставки (например, Air Express), предложенного Покупателем, за счет Поставщика.	Жеткізушіден Жеткізушінің есебінен Сатып алушы ұсынған жеткізудің басқа түрін (мысалы, Air Express)пайдалануды талап ете алады.
6.10	В случае непредоставления Поставщиком данных в сроки, указанных в Статьях 10.4 и 10.5 Договора, Поставщик, в случае привлечения Покупателя к административной ответственности в связи с несвоевременным/некорректным предоставлением СНТ	Жеткізуші Шарттың 10.4 және 10.5-бабтарында көрсетілген мерзімдерде деректерді ұсынбаған жағдайда, Жеткізуші Сатып алушыны өзінің кінәсінен ТСН-ны уақытылы/дұрыс ұсынбауына байланысты оны әкімшілік жауапкершілікке тартқан жағдайда,

	по вине Поставщика, обязан возместить Покупателю (путем удержания или оплатой, по усмотрению Покупателя) все наложенные на него штрафы, и подписать при этом соответствующий акт сверки взаиморасчетов.	Сатып алушыға (Сатып алушының қалауы бойынша ұстап қалу немесе төлеу арқылы) салынған барлық айыппұлдарды өтеуге және бұл ретте өзара есеп айырысуларды салыстырып тексерудің тиісті актісіне қол қоюға міндетті.
6.11	За отказ от поставки Товара Поставщик уплачивает Покупателю штраф в размере 20 (двадцать) % от суммы не поставленного по Договору Товара.	Тауарды жеткізуден бас тартқаны үшін Жеткізуші Сатып алушыға Шарт бойынша жеткізілмеген Тауар сомасының 20 (жиырма) % мөлшерінде айыппұл төлейді.
6.12	Если код ТН ВЭД ЕАЭС и наименование Товара (и/или его упаковка) включены в Перечень продукции (товаров), Утвержденный приказом Министра экологии, геологии и природных ресурсов РК от 09.11.2022г. за №689, поставщик продукции (товаров) после заключения договора на закуп продукции (товаров) обязан представить документ о полноте платы на каждую партию продукции (товара) (за организацию сбора, транспортировки, переработки, обезвреживания, использования и (или) утилизации отходов, образующихся после утраты потребительских свойств продукции (товаров), на которую (которые) распространяются расширенные обязательства производителей (импортеров), и ее (их) упаковки).	Егер ЕАЭО СЭҚ ТН коды мен Тауар атауы (және/немесе оның орамасы) ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 09.11.2022ж. №689 бұйрығымен бекітілген өнімдер (тауарлар) Тізбесіне енгізілсе, өнімді (тауарларды) жеткізуші өнімдерді (тауарларды) сатып алу жөніндегі шартты жасасқаннан кейін өнімнің (тауардың) әрбір топтамасына төлемнің толықтығы (өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің және оның (олардың) қаптамасының тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру үшін) туралы құжатты ұсынуға міндетті.

7 РАЗРЕШЕНИЯ И ЛИЦЕНЗИИ / РҰҚСАТТАР ЖӘНЕ ЛИЦЕНЗИЯЛАР

7.1	Поставщик обязан без дополнительной компенсации и без промедления в обязательном порядке подавать заявления и Получать все разрешения, сертификаты и лицензии, соответствующие УсловиямПоставки или требуемые уполномоченными государственными органами, в юрисдикцию которых входит Поставка и Поставщик.	Жеткізуші қосымша өтемақысыз және кідіріссіз Жеткізу талаптарына сәйкес келетін немесе құзыретіне Жеткізу мен Жеткізуші кіретін уәкілетті мемлекеттік органдар талап ететін барлық рұқсаттарды, сертификаттар мен лицензияларды міндеттітүрде береді және алады.
7.2	Поставщик обязан приложить все разумные усилия, чтобы обеспечить все необходимые сертификаты, документы и разрешения, требующиеся для беспрепятственного ввоза Товаров в Казахстан и эксплуатации в Казахстане.	Жеткізуші Қазақстанға тауарларды кедергісіз әкелу және Қазақстанда пайдалану үшін талап етілетін барлық қажетті сертификаттарды, құжаттар мен рұқсаттарды қамтамасыз ету үшінбар күшін салуы тиіс.
7.3	Поставщик обязан строго соблюдать Законы и обеспечивать их строгое соблюдение сотрудниками, агентами и представителями Поставщика, включая, но, не ограничиваясь Законами о труде, технике безопасности и охране труда и здоровья, защите окружающей среды, безопасности рудников, налогообложении, запрете подкупа государственных должностных лиц и коррупционных методов ведения деловой деятельности и т.п.	Жеткізуші Заңдарды қатаң сақтауға және оны өзінің қызметкерлерінің, агенттерінің және өкілдерінің қатаң сақтауын қамтамасыз етуі тиіс, соның ішінде Еңбек туралы заң, қауіпсіздік техникасы және еңбек пен денсаулықты қорғау, қоршаған ортанықорғау, кеніштердің қауіпсіздігі, салық салу, мемлекеттік лауазымды тұлғаларды параға сатып алуға тыйым салу және іскерлік қызметті жүргізудің сыбайлас жемқорлық әдістерін жәнет.б.

8 ГАРАНТИИ И ЗАВЕРЕНИЯ / КЕПІЛДІКТЕР ЖӘНЕ КУӘЛАНДЫРУЛАР

8.1	Поставщик, в отношении всей Поставки, заявляет и гарантирует Покупателю что:	Жеткізуші барлық Жеткізілімге қатысты Сатып алушыға төмендегілерді мәлімдейді және кепілдік береді:
a)	Поставщик в полной мере компетентен и обладает требуемыми навыками, управленческой квалификацией, знаниями, технологиями, системами, материальными ресурсами для обеспечения Поставки в соответствии с требованиями настоящего Договора Поставки;	Жеткізуші толық көлемде құзыретті екенін және осы Жеткізу шартының талаптарына сәйкес Жеткізуді қамтамасыз ету үшін талап етілген дағдыларының, басқарушылық біліктілігінің, білімінің, технологияларының, жүйелерінің, материалдық ресурстарының бар екенін;
b)	Вся Поставка будет осуществляться в соответствии с такими методами работы и уровнем качества, стандартами, эффективностью и действиями, которые обычно используются компетентными, опытными и надежными поставщиками для предоставления оборудования, машин и механизмов, материалов, расходных материалов, изготовления, выработки, сборки, инженерных работ, Требований к Чертежам и Данным Производителя Поставщика (VDDR) и связанных с ними услуг, требуемых настоящим Договором Поставки, успешное применение которых может ожидаться при использовании обоснованных суждений по отношению к любому вопросу, за который Поставщик несет ответственность согласно настоящему Договору Поставки, в порядке, обеспечивающем надежность, безопасность, качество, скорость и соответствие Законам и требованиям настоящего Договора Поставки;	Барлық Жеткізу әдетте құзыретті, тәжірибелі және сенімді жеткізушілердің жабдықтарды, машиналар мен механизмдерді, материалдарды, шығыс материалдарын, дайындаманы, өндіруді, құрастыруды, инженерлік жұмыстарды, Жеткізуші өндірушісінің (VDDR) Сызбалары мен Деректеріне қойылатын талаптарды жәнеосы Жеткізу шартында талап етілетін олармен байланысты қызметтерді ұсыну үшін пайдаланатын жұмыс әдістеріне және сапа деңгейіне, стандарттарға, тиімділікке және іс-әрекеттерге сәйкес жүзеге асырылады, олардың ойдағыйдай пайдаланылуы Жеткізуші осы Жеткізу шартына сәйкес сенімділікті, қауіпсіздікті, сапаны, жылдамдықты және Заңдарға және осы Жеткізу шартының талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ететін тәртіппен жауапты болатын кез келген мәселеге қатысты негізделген пайымдауларды пайдалану кезінде күтілуі мүмкін;
c)	Товары:	Тауарлар:
i	соответствуют всем чертежам, спецификациям или другим описаниям, входящим в настоящий Договор Поставки (предоставленным Поставщиком и утвержденным Покупателем);	осы Жеткізу шартына кіретін (Жеткізуші ұсынған және Сатып алушы бекіткен) барлық сызбаларға, ерекшеліктерге немесе басқа сипаттамаларға сәйкес келеді;

ii	являются новыми, не ограниченными в обороте;	жаңа, бұрын қолданыста болмаған, айналымда
iii	не содержат дефектов и повреждений;	ақаулары мен зақымдалулары жоқ;
iv	на дату доставки срок годности товара должен составлять не менее 2/3 от общего срока годности, указанного в Сертификате качества или ином документе, сопровождающем Товар. В случае, если на момент передачи Товара Поставщиком Покупателю срок годности Товара будет составлять менее 2/3 от общего срока годности Товара, Покупатель имеет право отказать от приемки такого Товара. Все обязательства по возврату такого Товара Покупателем Продавцу из места поставки Товара осуществляется исключительно силами и за счет Поставщика;	жеткізу күніне тауардың жарамдылық мерзімі сапа сертификатында немесе тауарға ілеспе өзге де құжатта көрсетілген жалпы жарамдылық мерзімінің кемінде 2/3-ін құрауы тиіс. Егер жеткізуші тауарды Сатып алушыға берген сәтте тауардың жарамдылық мерзімі тауардың жалпы жарамдылық мерзімінің 2/3-нен кем болса, Сатып алушы мұндай тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы. Сатып алушының тауарды жеткізу орнынан Сатушыға осындай тауарды қайтару жөніндегі барлық міндеттемелері Жеткізушінің күшімен және есебінен ғана жүзеге асырылады;
v	по качеству и параметрам точно соответствуют собственным системам и требованиям обеспечения качества и контроля качества Поставщика, описанным в Статье 9.1 ниже; и	сапасы мен параметрлері бойынша төмендегі 9.1- бапта сипатталған Жеткізушінің меншікті жүйелері мен сапаны қамтамасыз ету және сапаны бақылау талаптарына дәл сәйкес келеді; және
vi	соответствуют стандартам, установленным любой ассоциацией по стандартизации, местным органом власти, регулирующим или снабженческим комитетом и/или любым другим органом или ассоциацией, устанавливающей требования к качеству в отношении Товаров, сопровождающих услуг или типов составных частей Товаров.	стандарттау жөніндегі кез келген қауымдастық, жергілікті билік органы, реттеуші немесе жабдықтау комитеті және/немесе Тауарларға, ілеспе қызметтерге немесе Тауарлардың құрамдас бөліктерінің түрлеріне қатысты сапаға қойылатын талаптарды белгілейтін кез келген басқа орган немесе қауымдастық белгілеген стандарттарға сәйкес келеді.
8.2	В случае любого противоречия между i), iv) или v) выше, Покупатель по своему собственному усмотрению принимает решение о том, какой стандарт применять;	Жоғарыда i), iv) немесе v) тармақшалары арасында кез келген қайшылық болған жағдайда, Сатып алушы өз қалауы бойынша қандай стандартты қолдану туралы шешім қабылдайды;
a)	Товары, поставляемые Поставщиком по настоящему Договору Поставки, принадлежат ему на праве собственности и имеют легальное происхождение (в том числе, прошли необходимую таможенную очистку); и	Осы Жеткізу шарты бойынша Жекізуші жеткізетін Тауарлар оған меншік құқығымен тиесілі болады және ресми шығарылған (оның ішінде қажетті кедендік тазартудан өткен); және
b)	Товары при доставке будут свободны от всех обременений, залогов, и споров (**«Обременения»).**	Жеткізу кезінде Тауарлар барлық ауыртпалықтардан, кепілдіктен және даудан **(«Ауыртпалықтар»)** бос болады.
8.3	Если в Особых условиях не указано иное, Поставщик гарантирует качество, комплектность (полноту) и работоспособность поставленных Товаров в течение наиболее раннего из следующих сроков;	Егер Ерекше талаптарда өзгеше көрсетілмесе, Жеткізуші жеткізілген Тауарларды сапасына, жиынтықтығына (толықтығына) және келесі мерзімдердің неғұрлым ерте мерзімінің ішінде жұмысқа қабілеттілігіне кепілдік береді;
a)	двадцать четыре (24) месяца с даты Передачи владения; или	меншік құқығы берілген күннен бастап жиырма төрт (24) ай; немесе
b)	двенадцать (12) месяцев после Установки товаров на фабрике или на оборудовании («**Гарантийный период**»); и	фабрикада немесе жабдықта Тауарларды орнатқаннан кейін он екі (12) ай («**Кепілдік кезеңі**»); және
c)	устраняет за свой счет все дефекты, которые могут возникнуть при использовании Товара. Для целей настоящей статьи, расходы, за которые несет ответственность Поставщик, включают стоимость рабочей силы, транспортировку, расходы по разбору и сборке для установки, любые импортные и экспортные сборы и пошлины.	Тауарды пайдалану кезінде туындауы мүмкін барлық ақауларды өз есебінен жояды. Осы баптың мақсаттары үшін Жеткізуші жауапты болатын шығыстарға жұмыс күшінің құны, тасымалдау, орнату үшін бұзу және жинау бойынша шығыстар, кез келген импорттық және экспорттық алымдар мен баждар кіреді.
8.4	Если применимо, Поставщик гарантирует, что чертежи, инженерно-технические спецификации и разработанная инженерная документация являются точными при их передаче Покупателю. Согласно определениям, используемым в настоящем Договоре Поставки, термины «чертежи», «инженерно- технические спецификации» и «разработанная инженерная документация» означают чертежи, детализацию узлов и технические данные, переданные Поставщиком Покупателю, которые подробно показывают: (i) предлагаемое изготовление и сборку структурных компонентов, и (ii) установку (то есть детали формы, совместимости и соединения) Товаров. Без освобождения Поставщика от вышеуказанной гарантии или любого другого обязательства Поставщика согласно настоящему Договору Поставки, Поставщик обязан немедленно письменно проинформировать Покупателя о любых различиях между первоначальными чертежами и окончательными заверенными чертежами, переданными Покупателю.	Егер қолданылатын болса, Жеткізуші сызбалардың, инженерлік-техникалық ерекшеліктердің және әзірленген инженерлік құжаттаманың оларды Сатып алушыға берген кезде дәл болатынына кепілдік береді. Осы Жеткізу шартында пайдаланылатын анықтамаларға сәйкес «сызбалар», «инженерлік- техникалық ерекшеліктер» және «әзірленген инженерлік құжаттама» терминдері Жеткізушінің Сатып алушыға берген сызбаларын, тораптардың мәліметтерін және техникалық деректерін білдіреді, олар: (i) ұсынылатын құрылымдық компоненттерді дайындауды және Тауарларды құрастыруды және (ii) орнатуды (яғни үлгінің бөлшектері, үйлесімділігі және жалғануы) егжей-тегжейлі көрсетеді. Жеткізушіні жоғарыда көрсетілген кепілдіктен немесе осы Жеткізу шартына сәйкес Жеткізушінің кез келген басқа міндеттемесінен босатпай, Жеткізуші Сатып алушыға берілген бастапқы сызбалар мен түпкілікті куәландырылған сызбалар арасындағы кез келген айырмашылықтар туралы Сатып алушыға жазбаша түрде дереу хабарлауға міндетті.
8.5	Настоящим, Поставщик, в отношении всей Поставки, заявляет и гарантирует Покупателю, что любой нижеуказанный документ будет являться уведомлением о дефектах:	Осы арқылы Жеткізуші барлық Жеткізілімге қатысты Сатып алушыға төменде көрсетілген кез келген құжаттың ақаулар туралы хабарлама болып табылатынын мәлімдейді және кепілдік береді:
a)	первое подтвержденное сообщение Покупателя, сотрудников или подрядчиков Покупателя Поставщику по электронной почте о дефекте(ах) или недостатках в Товарах или симптомах, признаках или последствиях таких дефектов или недостатков; или	Сатып алушының, Сатып алушының қызметкерлерінің немесе мердігерлерінің электрондық пошта арқылы Жеткізушіге тауарлардағы ақаулар немесе кемшіліктер немесе осындай ақаулардың немесе кемшіліктердің белгілері немесе салдары туралы алғашқы расталған хабарламасы; немесе
b)	заполненный и подписанный Акт о несоответствии Товара, указывающий дефекты или недостатки во время приемки Товара на складе;	Тауарды қоймаға қабылдау кезіндегі ақауларды немесе кемшіліктерді көрсететін толтырылған және қол қойылған Тауардың сәйкес келмейтіндігі туралы акті;

c)	акты произвольной формы, составленные по выявленным дефектам во время запуска оборудования, проведения пусконаладочных работ или во время работы оборудования в период действия гарантийного срока или после истечения гарантийного срока и т.д. (далее **«Уведомление о дефектах»**).	жабдықты іске қосу, іске қосу-жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде немесе кепілдік мерзімінің қолданылу кезеңінде немесе кепілдік мерзімінің аяқталуынан кейін жабдықтың жұмыс істеуі кезінде анықталған ақаулар бойынша жасалған еркін нысандағы актілер және т. б. (бұдан кейін **«Ақаулар туралы хабарлама»**).
8.6	Уведомление о дефектах, переданное до истечения Гарантийного периода, будет считаться действительным и подлежать исполнению Поставщиком в соответствии с требованиями Покупателя, выставленными согласно настоящей Статье и Статье 12.3, даже если любая из Сторон предпримет расследование, проверку или исправление дефектов после истечения Гарантийного периода.	Кепілдік кезеңі аяқталғанға дейін берілген ақаулар туралы хабарлама, егер Тараптардың кез келгені Кепілдік кезеңі өткеннен кейін ақауларды тексеруді немесе түзетуді қабылдаса да, осы бапқа және 12.3-бапқа сәйкес ұсынылған Сатып алушының талаптарына сәйкес жарамды деп есептеледі және Жеткізуші оны орындауы тиіс.
8.7	На Товары, исправленные согласно гарантии Поставщика в соответствии с настоящей Статьей 8, новый 12-месячный Гарантийный период начинает действовать с того момента, когда началась полная эксплуатация исправленных Товаров. При замене Товара Гарантийный период однократно продлевается на 12 (двенадцать) месяцев с момента ремонта или замены, но не должен превышать 12 (двенадцать) месяцев с момента истечения первоначального срока. Количество замен в рамках данного периода не ограничено.	Осы 8-бапқа сәйкес Жеткізушінің кепілдігіне сай түзетілген Тауарларға жаңа 12 айлық Кепілдік кезеңі түзетілген Тауарларды толық пайдалану басталған сәттен бастап күшіне енеді. Тауарды ауыстырған жағдайда Кепілдік кезеңі жөндеу немесе ауыстыру сәтінен бастап бір рет 12 (он екі) айға ұзартылады, бірақ бастапқы мерзім өткен сәттен бастап 12 (он екі) айдан аспауға тиіс. Осы кезеңдегі ауыстыру саны шектелмеген.
8.8	Поставщик не несет ответственности ни за какие дефекты и убытки, возникшие в результате действий Покупателя, запрещенных согласно руководствам по эксплуатации и техническому обслуживанию или официально опубликованным инструкциям производителя, предоставленным Поставщиком Покупателю в соответствии со Статьей 10.	Жеткізуші 10-бапқа сәйкес Жеткізушінің Сатып алушыға берген өндірушінің пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтарына немесе өндірушінің ресми жарияланған нұсқаулықтарына сәйкес Сатып алушының тыйым салынған іс-әрекеттерді орындау салдарынан туындаған қандай да бір ақаулар мен залалдар үшін жауап бермейді.
8.9	Гарантии Поставщика в явной форме распространяются на каждую из Компаний Покупателя.	Жеткізушінің кепілдіктері Сатып алушының әр компаниясына нақты қолданылады.

9 КОЛИЧЕСТВО И КАЧЕСТВО / САНЫ МЕН САПАСЫ

9.1	Количество Товара поставляется согласно Деталям Заказа и/или Заказу на отгрузку и должно соответствовать товарно-сопроводительным документам. Качество Товара, комплектность, наименование, обозначение, техническое состояние, маркировка и упаковка должны соответствовать действующим ГОСТ для такого вида Товара и/или техническим условиям, указанным в Деталях Заказа и/или Заказах на отгрузку и приложении (ях), и удостоверяются соответствующими документами, (сертификат соответствия или паспорт изделия, или сертификат качества или инструкция по эксплуатации и т.п).	Тауардың саны Тапсырыс деректеріне және/немесе Жөнелтуге арналған тапсырысқа сәйкес жеткізіледі және тауардың ілеспе құжаттарына сай болуы тиіс. Тауардың сапасы, толықтығы, атауы, белгіленуі, техникалық жай-күйі, таңбалануы және буып-түюі Тауардың осы түрі үшін қолданыстағы МЕМСТ-қа және/немесе Тапсырыс деректеріне және/немесе Жөнелтуге арналған тапсырысқа және қосымшаның(лардың) егжей-тегжейінде көрсетілген техникалық талаптарға сәйкес келуге тиіс және тиісті құжаттармен куәландырылады, (сәйкестік сертификаты немесе бұйымның паспорты немесе сапа сертификаты немесе пайдалану жөніндегі нұсқаулық және т. б).

10 ПОСТАВКА ТОВАРОВ / ТАУАРЛАРДЫ ЖЕТКІЗУ

10.1	Поставщик обязан предоставить Покупателю вместе с поставляемым Товаром оригиналы следующих документов:	Жеткізуші Сатып алушыға жеткізілетін Тауармен бірге келесі құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуға міндетті:
a)	накладную на отпуск товаров на сторону в двух экземплярах с указанием номера Договора поставки или СНТ, с указанием кода Товара в поле «Дополнительная информация» (графа 17 раздел G1), зарегистрированное на портале ИС ЭСФ. Два экземпляра накладной на отпуск товаров на сторону должны быть отправлены с Товаром, один из этих экземпляров предназначен для Поставщика, и Поставщик несет ответственность за возврат подписанного Покупателем возвратного экземпляра:	ЭШФ АЖ порталында тіркелген «Қосымша ақпарат» жолында (G1-бөлім 17-баған) Тауардың коды көрсетілген, Жеткізу шартының нөмірі немесе ТНТ көрсетілген екі данада тарапқа тауарларды босатуға арналған жүкқұжат. Тарапқа тауарларды босатуға арналған жүкқұжаттың екі данасы тауармен бірге жөнелтілуі тиіс, осы даналардың бірі Жеткізушіге арналған және Жеткізуші Сатып алушының қол қойып қайтарылатын данасын қайтарып беру үшін жауапты болады
b)	гарантийные документы на Товар – выдаются в виде Гарантийного талона с печатью Поставщика и заполненные на приобретаемый Товар. В остальных случаях на Товар распространяется гарантия завода-изготовителя;	тауарға кепілдік беру құжаттары – Жеткізушінің мөрі басылған және сатып алынатын Тауарға толтырылған Кепілдік талоны түрінде беріледі. Басқа жағдайларда Тауарға өндіруші зауыттың кепілдігі беріледі;
c)	если Поставщик является казахстанским производителем Товара – нотариально заверенную копию сертификата о происхождении Товара для внутреннего обращения, подтверждающего происхождение на территории Республики Казахстан;	егер Жеткізуші қазақстандық Тауар өндіруші болып табылса, Қазақстан Республикасының аумағында шығарылғанын растайтын ішкі айналымға арналған тауардың шығу тегі туралы сертификаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
d)	Если поставляемый Товар входит в перечень продукции иуслуг, подлежащих обязательной сертификации согласно Законам Республики Казахстан, вне зависимости от наличия или отсутствия указания в Договоре Поставки условия о качестве Товара, Поставщик обязан предоставить один из	Егер жеткізілетін Тауар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес міндетті сертификаттауға жататын өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің тізбесіне кіретін болса, Жеткізу шартында Тауардың сапасы туралы талаптың болуына немесе болмауына қарамастан, Жеткізуші жеткізілетін Тауарға

	нижеследующих документов на поставляемый Товар:	төмендегі құжаттардың бірін ұсынуға міндетті:
i	Сертификат соответствия выданный аккредитованным юридическим лицом Республики Казахстан; или	Қазақстан Республикасының аккредиттелген заңды тұлғасы берген сәйкестік сертификаты; немесе
ii	декларацию о соответствии, зарегистрированную аккредитованным юридическим лицом Республики Казахстан; или	Қазақстан Республикасының аккредиттелген заңды тұлғасы тіркеген сәйкестік туралы декларациясы;немесе
iii	сертификаты соответствия иностранных государств, или протоколы испытаний продукции, или знаки соответствия,признанные аккредитованным юридическим лицом Республики Казахстан.	шет мемлекеттердің сәйкестік сертификаттары немесе өнімдісынау хаттамалары немесе Қазақстан Республикасының аккредиттелген заңды тұлғасымойындаған сәйкестік белгілері.
e)	Если Поставщик зарегистрирован в стране, являющейсячленом ЕАЭС:	Егер Жеткізуші ЕАЭО мүшесі болатын елде тіркелсе:
i	Поставщик обязан предоставить товаросопроводительные документы, в соответствии со статьей 442 и пункта 3 статьи 443 Налогового Кодекса Республики Казахстан.	Жеткізуші Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 442-бабына және 443-бабының 3- тармағына сәйкес тауарлардың ілеспе құжаттарын ұсынуға міндетті.
ii	для подтверждения обоснованности применения Поставщиком налоговой ставки 0%, Покупатель в течении 90 (девяноста) календарных дней со дня получения Товара, направляет Поставщику: (A) Заявление о ввозе товаров и уплате косвенных налогов в электронном виде установленное законодательством Республики Казахстан. (B) Уведомление о принятии налоговой отчетности органами государственных доходов Республики Казахстан в электронном виде. (C) Уведомление о подтверждении факта уплаты (освобождения либо иного порядка уплаты) – Приложение 2 к Правилам подтверждения органами государственных доходов Республики Казахстан факта уплаты налога на добавленную стоимость по импортированным товарам с территории государств- членов Таможенного союза в электронном виде.	Жеткізушінің 0% салық мөлшерлемесін қолдануының дұрыстығын растау үшін, Сатып алушы Тауарды алған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күн ішінде Жеткізушіге төмендегілерді жібереді: (A) Қазақстан Республикасының заңнамасында белігленген электронды түрде Тауарларды кіргізу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініш. (B) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдарының салық есептілігін қабылдағаны туралы электрондық хабарлама. (C) Төлем фактісін растау туралы хабарлама (босату немесе басқа төлем тәртібі) – Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдарының Кеден одағына мүше мемлекеттерден импортталған тауарларға қосылған құн салығын төлеу фактісін растау қағидаларына 2-қосымша электронды түрде».
10.2	Если Поставщик не передает или отказывается передать Покупателю документы, указанные в Статье 10.1, Покупатель вправе назначить ему разумный срок для их передачи, по согласованию сторон. В случае, если документы, указанные в Статье 10.1, не переданы Поставщиком в указанный срок, Покупатель вправе отказаться от принятия Товара.	Егер Жеткізуші Сатып алушыға Шарттың 10.1-бабында көрсетілген құжаттарды ұсынбаса немесе ұсынудан бас тартса, Сатып алушы тараптардың келісімі бойынша оларды беру үшін оған орынды бір мерзімді белгілеуге құқылы. Егер Жеткізуші Шарттың 10.1-бабында көрсетілген құжаттарды көрсетілген мерзімде ұсынбаса, онда Сатып алушы Тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы.
10.3	Если товары, ввозятся на территорию Республики Казахстан с территории государств-членов Евразийского экономического союза (ЕАЭС), Поставщик обязан:	Егер тауарлар Қазақстан Республикасына Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) мүше-мемлекеттерінің аумағынан кіргізілсе, Жеткізуші келесілерді орындауға міндетті:
a)	корректно указать код ТН ВЭД ЕАЭС в отношении Товара, включенного в Перечень товаров, утвержденный Решением Совета Евразийской экономической комиссии от 14 октября 2015 года № 59, а также в Перечень товаров, утвержденный Приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 9 февраля 2017 года № 58, и в иных случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан. В случае нарушения Поставщиком указанного требования, Покупатель вправе, с соблюдением претензионного порядка, предусмотренного Договором, удержать из суммы, подлежащей выплате Поставщику, сумму НДС, предъявленного Поставщиком к оплате. Кроме того, Поставщик обязан, в течение 10 (десяти) Рабочих Дней с момента получения требования Покупателя, на основании подтверждающих документов, возместить убытки, связанные с оплатой Покупателем административного штрафа и (или) пени, начисленной в соответствии с налоговым законодательством Республики Казахстан на Покупателя.	Еуразиялық экономикалық комиссиясы Кеңесінің 2015 жылғы 14 қазандағы № 59 Шешімімен бекітілген Тауарлар тізбесіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 9 ақпандағы № 58 Бұйрығымен бекітілген Тауарлар тізбесіне қосылған тауарларға қатысты және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де жағдайларда ЕАЭО СЭҚ ТН кодындұрыс көрсету. Жеткізуші көрсетілген талаптарды бұзған жағдайда, Сатып алушы шартта көзделген талап қою тәртібін сақтай отырып, Жеткізуші төлеуі тиіс сомадан Жеткізушіге төлеуге ұсынылған ҚҚС сомасын ұстап қалуға құқылы. Сонымен қатар, Жеткізуші Сатып алушының Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Сатып алушыға есептелген әкімшілік айыппұлды және (немесе) өсімақыны төлеуімен байланысты шығындарын растаушы құжаттар негізінде Сатып алушының талабын алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өтеуге міндетті.
10.4	Если товары, ввозятся на территорию Республики Казахстан с территории государств-членов Евразийского экономического союза (ЕАЭС) автотранспортом, Поставщик обязан предоставить Покупателю за 3 (три) рабочих дня до пересечения границы Республики Казахстан следующую информацию:	Егер тауарлар Қазақстан Республикасына Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) мүше-мемлекеттерінің аумағынан автокөлікпен кіргізілсе, Жеткізуші Сатып алушыға Қазақстан Республикасы аумағынан өткенге дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын келесі ақпаратты ұсынуға міндетті:
a)	Сканированную копию одного из видов документов иоригинал с товаром – CMR (международная транспортная накладная), ТТН (товарно-транспортная накладная), ТН (транспортная накладная);	Құжаттардың бір түрінің сканерден өткізілген көшірмесі және тауармен бірге түпнұсқасы – CMR (халықаралық көлік жүккұжаты), ТКЖ (тауар-көлік жүккұжаты), КЖ (көлік жүккұжаты);
b)	марка и государственный номер АТС;	АКҚ маркасы мен мемлекеттік нөмірі;
c)	марка и государственный номер прицепа;	тіркеуіштің маркасы мен мемлекеттік нөмірі;
d)	ФИО водителя;	жүргізушінің ТАӘ;
e)	Наименование Перевозчика. Если Перевозчик - резидентРК, так же предоставить ИИН (для физических лиц) или БИН (для	Тасымалдаушының атауы. Егер Тасымалдаушы - ҚР резиденті болса, Тасымалдаушының ЖСН (жеке тұлғалар үшін) немесе

	юридических лиц) Перевозчика;	БСН (заңды тұлғалар үшін) ұсыну;
f)	Планируемый пункт пропуска через границу с Республикой Казахстан.	Қазақстан Республикасынан шекара арқылы жоспарлы өткізу пункті.
10.5	Если товары, ввозятся на территорию Республики Казахстан с территории государств-членов Евразийского экономического союза (ЕАЭС) железнодорожным или воздушным транспортом, Поставщик обязан предоставить Покупателю за 3 (три) рабочих дня до пресечения границ Республики Казахстан следующую информацию:	Егер тауарлар Қазақстан Республикасына Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) мүше-мемлекеттерінің аумағынан теміржол немесе әуе көлігімен кіргізілсе, Жеткізуші Сатып алушыға Қазақстан Республикасы аумағынан өткенге дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын келесі ақпаратты ұсынуға міндетті:
a)	Сканированную копию накладной (железнодорожной, воздушной) и оригинал с товаром;	Жүккұжаттың (теміржол, әуе) сканерден өткізілген көшірмесі және тауармен бірге түпнұсқасы;
b)	Наименование Перевозчика. Если Перевозчик - резидент Республики Казахстан, так же предоставить ИИН (для физических лиц) или БИН (для юридических лиц) Перевозчика;	Тасымалдаушының атауы. Егер Тасымалдаушы – Қазақстан Республикасы резиденті болса, Тасымалдаушының ЖСН (жеке тұлғалар үшін) немесе БСН (заңды тұлғалар үшін) ұсыну;
c)	Планируемый пункт пропуска через границу с Республикой Казахстан;	Қазақстан Республикасынан шекара арқылы жоспарлы өткізу пункті;
d)	Сканированные копии документов по товару и оригиналы с товаром:	Тауар бойынша құжаттардың сканерден өткізілген көшірмелері және тауармен бірге берілетін түпнұсқалар:
i	Счет-фактура и товарная накладная или УПД (универсальный передаточный документ). Обязательное указание страны происхождения товара, кода ТН ВЭД, номера заявления о ввозе товара либо таможенной декларации на товары.	Шот-фактура және тауар жүккұжаты немесе ӘБҚ (әмбебап беру құжаты). Тауардың шығарылған елін, СЭҚ ТН кодын, тауарды әкелу туралы өтініштің не тауарларға арналған кедендік декларацияның нөмірін міндетті түрде көрсету.
ii	Упаковочный лист. Обязательное указание типаупаковки, веса нетто и брутто по каждой позиции.	Қаптау парағы. Әр позиция бойынша орау түрін, тазажәне жалпы салмақты міндетті түрде көрсету.
10.6	Уведомление: Если Товары поставляются на условиях Incoterms, за исключением DDP, Поставщик обязан не менее, чем за 3 (три) Рабочих Дня до отправки Товаров, предоставить проект отгрузочных документов Покупателю и/или уполномоченному экспедитору Покупателя. Такие отгрузочные документы включают, но, не ограничиваются документами, перечисленными ниже:	Хабарлама: Егер тауарлар DDP-ні қоспағанда, Incoterms талаптарымен жеткізілетін болса, Жеткізуші Тауарларды жөнелтуге дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын Сатып алушыға және/немесе Сатып алушының уәкілетті экспедиторына жөнелту құжаттарының жобасын ұсынуға міндетті. Мұндай жөнелту құжаттары төменде аталған құжаттарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:
a)	Технический Паспорт и техническое описание;	Техникалық паспорт және техникалық сипаттама;
b)	Упаковочный лист (включая вес и размеры);	Буып-түю парағы (салмағы мен өлшемін қоса алғанда);
c)	Ж/Д Накладная / Товарно-транспортная накладная / Список грузов / Авианакладная (при наличии);	Т/Ж жүккұжаты / Тауар-көлік жүккұжаты / Жүктердің тізімі / Әуе жүккұжаты (болған жағдайда);
d)	План погрузки (при наличии);	Тиеу жоспары (болған жағдайда);
e)	План разгрузки и требования к хранению (при наличии);	Түсіру жоспары және сақтау жағдайларына қойылатынталаптар (болған жағдайда);
f)	Сертификат производителя или иной другой аналогичный документ с указанием срока хранения и/или срока годности и даты производства Товара (при наличии);	Тауардың сақтау мерзімі және/немесе жарамдылық мерзімі мен өндірілген күні көрсетілген өндірушінің сертификаты немесе өзге де осыған ұқсас құжат (болған жағдайда);
g)	Заводской сертификат приемочного испытания и/или отчеты Инспекции Третьей Стороной (при наличии);	Қабылдау сынағының зауыттық сертификаты және /немесе бар болса, үшінші Тараптың инспекциялық есептері (болған жағдайда);
h)	Любые другие документы, необходимые для сертификации и ввоза в Республику Казахстан и любых других установленных законом целей; и	Сертификаттау және Қазақстан Республикасына әкелу және заңда белгіленген кез келген басқа мақсаттар үшінқажетті кез келген басқа құжаттар; және
i)	Документы выше должны содержать следующую информацию (при наличии):	Жоғарыда аталған құжаттар келесі ақпаратты қамтуы тиіс(болған жағдайда):
i	Номер и дата Договора Поставки;	Жеткізу шартының нөмірі және жасалған күні;
ii	Дата отгрузки / готовности к отгрузке; и	Жөнелту / жөнелтуге дайындық күні; және
iii	Условия Поставки;	Жеткізу талаптары;
10.7	Упаковка:	Қаптамасы:
a)	Все Товары должны быть упакованы, промаркированы, задокументированы и транспортированы так, как указано в Условиях Поставки, настоящей Статье 10 и Инструкциях Покупателя по упаковке, маркировке и отгрузке, изложенных в Приложении-инструкции 7 (**«Инструкции PM&S»**), и в соответствии с правилами транспортировки, упаковки и маркировки, а также наилучшими методами, принятыми в промышленности, которые применимы к Поставке, в том числе во время перевозки, и, если применимо, требованиями, предъявляемыми к транспортировке Опасных материалов. Транспортируемые грузы должны быть, насколько это возможно, уложены в поддоны и/или упакованы в контейнеры;	Барлық Тауарлар Жеткізу талаптарында, осы 10-бапта және 7-қосымша-нұсқаулықта (**«PM&S нұсқаулықтары»**) көрсетілген орау, таңбалау және жөнелту жөніндегі Сатып алушының Нұсқаулықтарында және тасымалдау, буып-түю және таңбалау ережелеріне, сондай-ақ өнеркәсіпте қабылданған, Жеткізуге, оның ішінде тасымалдау кезінде қолданылатын ең жақсы әдістерге және егер қолданылса, Қауіпті материалдарды тасымалдауға қойылатын талаптарға сәйкес буып-түйілуі, таңбалануы, құжатталуы және тасымалдануы тиіс. Тасымалданатын жүктер мүмкіндігінше табандықтарға салынуы және/немесе контейнерлерге салынуы тиіс;
b)	Поставщик обязан обеспечить адекватную защиту Товаров от повреждения и разрушения во время транспортировки и кратковременного хранения, должным образом учитывая условия и обстановку на Рабочей Площадке или в другом	Жеткізуші Жұмыс алаңындағы немесе Жеткізудің басқа орнындағы және Тауарлар тасымалданатын аумақтардағы талаптар мен жағдайды тиісті түрде ескере отырып, тасымалдау және қысқа мерзімді сақтау кезінде тауарларды бүлінуден және

	Пункте Поставки и на территориях, через которые будут транспортироваться Товары, при этом условия и обстановка включают климат, дороги и необходимость многократной перегрузки (механизированной или иной).	бұзылудан сақтауды қамтамасыз етуге міндетті, бұл ретте талаптар мен жағдайға сақталатын жердің климаты, жолдар және бірнеше мәрте қайта тиеу (механикаландырылған немесе өзге) қажеттілігі кіреді.
c)	При упаковке, маркировке и транспортировке товаров, Поставщик должен соблюдать применимые внутри-государственные Законы касательно транспортировки Товаров и обеспечения безопасности, охраны здоровья и защиты окружающей среды.	Тауарларды буып-түю, таңбалау және тасымалдау кезінде Жеткізуші Тауарларды тасымалдауға және қауіпсіздікті, денсаулықты және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге қатысты қолданылатын ішкі мемлекеттік Заңдарды сақтауы тиіс.
d)	Все расходы, включая обратный фрахт за товары, возвращаемые Поставщику (например, опорные подставки, валики или транспортировочные скобы), включены в Сумму, и Поставщик несет ответственность за организацию возможного возврата таких товаров.	Жеткізушіге қайтарылатын Тауарлар үшін кері жалдау ақысын қоса алғанда, барлық шығындар (мысалы, тірек тұғырықтары, аунақшалар немесе тасымалдау қапсырмалары) Сомаға қосылады және Жеткізуші осындай тауарлардың ықтимал қайтарылуын ұйымдастыру үшін жауап береді.
e)	Поставщик несет ответственность за все повреждения, утерю или уничтожение любых Товаров, а также за любую утерю, повреждение или уничтожение любых других товаров или имущества, возникших в результате ненадлежащей упаковки или обращения с ними со стороны Поставщика. Вся упаковка должна быть специально предназначена для перевозки по дорогам с неровным покрытием и рассчитана на соответствующую механическую погрузку.	Жеткізуші кез келген тауарлардың барлық зақымданғаны, жоғалғаны немесе жойылғаны үшін, сондай-ақ Жеткізуші тарапынан дұрыс буып-түйілмеу немесе олармен жұмыс істеу нәтижесінде туындаған кез келген басқа тауарлардың немесе мүліктің кез келген жоғалғаны, бүлінгені немесе жойылғаны үшін жауап береді. Барлық қаптама тегіс емес жабыны бар жолдармен тасымалдауға арналған және тиісті механикалық салмақтың түсуіне арналған болуы керек.
f)	Поставщик должен возместить Покупателю любые дополнительные расходы по пошлинам, складированию, демереджу, штрафам и/или неустойкам, возникающим в результате несоблюдения Поставщиком надлежащих процедур упаковки, маркировки и транспортировки, а также Инструкций PM&S, даже если такое несоблюдение не приведет к задержке доставки Товара. Поставщик должен возместить Покупателю любые дополнительные расходы, возникшие в результате ошибок в весах или измерениях, а также за потери и ущерб, вызванные неисправной или недостаточной упаковкой, включая, без ограничений, штрафы и дополнительные расходы по пошлинам.	Жеткізуші Сатып алушыға Жеткізушінің буып-түю, таңбалау және тасымалдаудың тиісті рәсімдерін, сондай- ақ PM&S нұсқаулықтарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын баждар, жинау, демерредж, айыппұлдар және/немесе тұрақсыздық айыбы бойынша кез келген қосымша шығыстарды, тіпті егер мұндай сақтамау Тауарды жеткізуді кешіктірмеуге әкеп соқпаса да өтеуі тиіс. Жеткізуші Сатып алушыға таразылардағы немесе өлшеулердегі қателер нәтижесінде туындаған, сондай-ақ жарамсыз немесе жеткіліксіз қаптамадан туындаған шығындар мен залал үшін, айыппұлдар мен баждар бойынша қосымша шығыстарды қоса алғанда, кез келген қосымша шығыстарды өтеуі тиіс.
g)	За исключением поставок на условиях DDP, CIP, DAP и DPU, Поставщик несет ответственность за любое отклонение расходов по перевозке от установленной суммы, возникающее в связи с тем, что он не следовал какой-либо инструкции о транспортировке, указанной в Договоре Поставки, или не информировал Покупателя о сроках прибытия груза; и	DDP, CIP, DAP және DPU талаптары бойынша жеткізілімдерді қоспағанда, Жеткізуші Жеткізу шартында көрсетілген тасымалдау туралы қандай да бір нұсқаулықты сақтамауына немесе Сатып алушыға жүктің келу мерзімдері туралы хабарламауына байланысты тасымалдау бойынша шығыстардың белгіленген сомадан кез келген ауытқуына жауап береді; және
h)	За исключением поставок на условиях DDP, Покупатель и Поставщик должны помогать друг другу в получении документов и другой информации, необходимой для предъявления претензий к грузоперевозчикам.	DDP талаптары бойынша жеткізілімдерді қоспағанда, Сатып алушы мен Жеткізуші бір-біріне Жүк тасымалдаушыларға талап қою үшін қажетті құжаттар мен басқа да ақпаратты алуға көмектесуі керек.
i)	Поставщик несет единоличную ответственность за передачу инструкций по Упаковке, Маркировке и Отгрузке любому привлеченному им Субпоставщику.	Жеткізуші өзі жұмылдырған кез келген Қосалқы мердігерге Қаптау, Таңбалау және Жөнелту жөніндегі нұсқаулықты беру үшін жеке-дара жауап береді.
10.8	Опасные материалы	Қауіпті материалдар
a)	В соответствии с настоящим Договором Поставки, **«Опасные материалы»** означает любое вещество, которое, согласно Законам, считается опасным или токсичным, либо подлежит или может подлежать обезвреживанию/ восстановлению, включая:	Осы Жеткізу шартына сәйкес **«Қауіпті материалдар»** Заңдарға сәйкес қауіпті немесе уытты болып саналатын немесе залалсыздандыруға/ қалпына келтіруге жататын немесе жатуы мүмкін кез келген затты білдіреді, соның ішінде:
b)	В соответствии с настоящим Договором Поставки, **«Опасные материалы»** означает любое вещество, которое, согласно Законам, считается опасным или токсичным, либо подлежит или может подлежать обезвреживанию/ восстановлению, включая:	Осы Жеткізу шартына сәйкес **«Қауіпті материалдар»** Заңдарға сәйкес қауіпті немесе уытты болып саналатын немесе залалсыздандыруға/ қалпына келтіруге жататын немесе жатуы мүмкін кез келген затты білдіреді, соның ішінде:
i	любую нефть или нефтепродукты, радиоактивные вещества, асбест в любой сыпучей или могущей стать сыпучей форме, мочевино-формальдегидную пенопластовую изоляцию, трансформаторы или другое оборудование, содержащее диэлектрическую жидкость, имеющую в своем составе полихлордифенилы, процессы, а также определенные системы охлаждения, использующиехлорфторуглероды;	кез келген мұнай немесе мұнай өнімдері, радиоактивті материалдар, кез келген сусымалы немесе сусымалы түрге айналуы мүмкін асбест, зәртасформальдегидті пенопласт оқшауламасы, трансформаторлар немесе өзінің құрамында полихлордифенилдер бар диэлектрлік сұйықтығы бар басқа да жабдықтар, сондай-ақ хлорфторкөміртектерді пайдаланатын белгілі бір салқындату жүйелері;
ii	любые химикаты, материалы или вещества, которые на дату заключения настоящего Договора Поставки и/или в будущем определяются или включаются в определение как «опасные вещества», «опасные отходы», «опасные материалы», «чрезвычайно опасные отходы», «опасные отходы ограниченного использования», «токсические вещества», «токсические загрязнители», «опасные грузы» или любые другие слова аналогичного содержания в соответствии с Законами, или	осы Жеткізу шартын жасау күнінде және/немесе болашақта «қауіпті заттар», «қауіпті қалдықтар», «қауіпті материалдар», «өте қауіпті қалдықтар», «шектеулі пайдаланылатын қауіпті қалдықтар», «уытты заттар», «уытты ластағыштар», «қауіпті жүктер» ретінде айқындалатын немесе анықтамаға енгізілетін кез келген химикаттар, материалдар немесе заттар немесе Заңдарға сәйкес ұқсас мазмұндағы кез келген басқа да сөздер, немесе

iii	любые другие химикаты, материалы, вещества или отходы, подверженность воздействию которых на текущий момент или после заключения настоящего Договора Поставки запрещается, ограничивается или регулируется любыми государственными регламентами, или которые могут быть предметом Ответственности, связанной с ущербом, издержками или ликвидацией последствий.	кез келген басқа химикаттар, материалдар, заттар немесе қалдықтар, олардың әсер етуіне ағымдағы сәтте немесе осы Жеткізу шарты жасалғаннан кейін сатып алуға тыйым салынады, шектеледі немесе кез келген мемлекеттік регламенттермен реттеледі немесе залалмен, шығындармен немесе салдарларды жоюмен байланысты жауапкершілік нысанасы болуы мүмкін.
